

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2 семестр. 7-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ел экономикасы: ішкі және сыртқы сауда.

Грамматикалық тақырып: Мәндес және қарсы мәндес сөздер, түрлік және тектік атаулар, топонимдер.

Айтылуы, естілуі, жазылуы әр алуан, мағыналары бір-біріне жақын, жуық мәнді сөздер **синонимдер** деп аталады. Синонимге тән негізгі белгілер: **1) синоним сөздер әртүрлі дыбысталады; 2) синоним сөздердің мағынасы бір-біріне жақын болып келеді; 3) синоним сөздер бір сөз табынан болады.** Мысалы, *Апатты аймаққа көмекші, жәрдемші топ келді* деген сөйлемдегі **көмекші, жәрдемші** сөзі бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға болатын, мағыналары бір-біріне жақын, бір сөз табынан болған синоним сөздер. Тілімізде синоним сөздер **зат есімдерде, сын есімдерде, етістіктерде және үстеулерде** кездеседі.

Тілдегі синонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Өйткені тілдің бай да оралымдылығы, оның сөздік құрамының қандай дәрежеде дамып жетілгені синонимдер арқылы айқындалады.

**Зат есімнен
болған синонимдер**

Ел
Халық
Жұрт
Көпшілік
Жамағат

**Сын есімнен болған
синонимдер**

Сұлу
Әдемі
Келбетті
Ажарлы
Көрікті

**Етістіктен болған
синонимдер**

Кездесу
Дидаласу
Ұшырасу
Жолығу

**Үстеуден болған
синонимдер**

Алыс
Қашық
Шалғай
Қиян

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер **антонимдер** деп аталады. Мысалы, *елгезек бала – тілазар бала, шабан ат – жүрдек ат, іскер адам – олақ адам, жақсы мінез – жаман мінез, қисық ағаш – түзу ағаш, тату көрші – араз көрші, т.б.* Тілімізде антоним сөздер мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда көп кездеседі. Мысалы, *Ащы мен тұщыны татқан білер, алыс пен жақынды жортқан білер. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір,* т.б. Осы мысалдардағы **ащы-тұщы, алыс-жақын, аз-көп** сөздері – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы айтылған антоним сөздер.

Антоним сөздер көбінесе бұрынғы халық ақындарының шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы:

Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз,
Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз.

Куәлі істі куә табар,
Куәсіз істі күмән табар.

Арлы арына қараса,
Арсыз жеңдім дейді.

Қазақ тілінде антонимдер көбіне сын есімдерден болады, одан соң етістіктерде, зат есімдерде, үстеулерде де кездеседі.

Топонимика — ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Бұл гректің «топос» — орын, жер, «онома» — атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз.

Топоним — географиялық нысанның аты. Топонимдер, яғни жер-су аттары, негізінен үш бағытта зерттеледі:

1. семантикасы (мағынасы);
2. жасалу жолдары;
3. этимологиясы.

Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды.

Топоним дер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар, т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер, т.б.), микротопонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б.) бөлінеді. Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып саналады.

Кейбір топонимдер архаизмдер мен диалектизмдерді тұрақты сақтайды, көбінесе олар сол аумақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор.

Топонимдердің сөзжасамында аналитикалық тәсілдің маңызы ерекше. Қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдердің басым көпшілігі есім сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Есім сөз таптарының ішінде зат есім мен сын есімдерден тұратын топонимдер жиі кездеседі. Сын есім мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимикалық атаулар құрамында түсті білдіретін ақ, қара, көк, сары, жасыл, қоңыр т.б. сын есімдер мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимдердің құрамындағы зат есімдер, негізінен жер бедеріне байланысты немесе сол жердің өзіндік ерекшелігіне қатысты болып келеді. Мысалы: Сарыөзек – Сары+өзек (сын есім+зат есім), Ақтас – Ақ+тас (сын есім+зат есім), Ақшоқы – Ақ+шоқы.

Синтетикалық тәсілдің арқылы сөз тудырушы жұрнақтардың екі түбірдің арасында келіп те жер-су атауларының жасалуы болып табылады. Мәселен, Қайыңдыкөл, Құмдыкөл, Шөптікөл, Егіндібұлақ, Талдықорған, Балықтыкөл.

Жер-су аттарында лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалынған атаулар көптеп кездеседі. Мысалы: Майлықұдық (май сөзі «қасиетті, құдыретті» деген мағынада – қасиетті құдық мағынасында), Тектұрмас (таудың аты; өткен кеткендерді аңдитын таса жер мағынасында), Жауыр (кедір-бұдырлы жерге қатысты айтылған), Тоғызқұдық (көп құдығы бар жер), Үштөбе (сұлутөбе мағынасында; көне түркі сөзі үүс+төбе), Ынтымақ, Үйгентас, Белағаш (қайың, терек, қарағай өскен орманды алқап), Жем, Ынтымақ, Елек, Шұбар.

Тапсырма. Жер-су атауларын қатыстырып, сөйлемдер құрастырып келіңіз.

•

Жазылым. Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтіннен таныс емес жаңа сөздерді аудармасымен жазыңыз, жаттап алыңыз.
2. Сининим, антоним сөздерді келтіре отырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыз.
3. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.
4. Саудаға қатысты мақал-мәтелдерді жазыңыз.

Айтылым.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Төмендегі сұрақтарға жауап айтыңыз:

Сіз еліміздің сыртқы экономикасы туралы не білесіз?

Сіздің ойыңызша, елімізде қай сала жақсы дамып келеді?

Тыңдалым. Тілді дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Ел экономикасы» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз.

7-сабақ аяқталды.